

## Экономикадан халықаралық олимпиадасы туралы ереже (IEO)

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Экономикадан халықаралық олимпиадасы (IEO) – бұл орта мектеп оқушылары үшін ұйымдастырылатын жыл сайынғы экономика пәндері бойынша жарыс. Осы олимпиаданың басты миссиясы проблемаларды шығармашылық шешу арқылы экономикаға, бизнеске және қаржыға терең қызығушылық танытатын білім алушылардың одан әрі қызығушылығын ынталандыру болып табылады. IEO жарыстары әр түрлі ұлттардың жастары арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді; олар ынтымақтастық пен өзара түсіністікке үйренеді.

1.2. *IEO негізгі мақсаттары:*

- экономика, қаржы және бизнес саласында дарынды жастарды айқындау, көтермелеу, біріктіру және қолдау көрсету;
- білім алушылардың есептерді шешу кезінде логикалық ойлау және жалпы білімді шығармашылық түрде қолдану дағдыларын дамыту;
- экономика, қаржы және бизнеске қызығушылық танытатын барлық елдердің жастары арасындағы достық қатынастарды, өзара түсіністікті және бәсекелестік рухын көтермелеу;
- бүкіл әлем бойынша жоғары оқу орнына дейінгі білім алушылар арасында экономика, қаржы және бизнес бойынша ұлттық, өңірлік және жергілікті конкурстардың дамуын көтермелеу;
- мектеп бағдарламалары мен әлемдік практика туралы ақпарат алмасу үшін әлемдік алаң құру;
- экономика, қаржы және бизнес пәндері бойынша білім алушылардың білім деңгейін арттыру.

1.3. IEO-ның ресми тілі – ағылшын тілі. Проблемаларды шешу жөніндегі комитет есептерді, шешімдер мен схемаларды IEO-ның ресми тілінде құрастырады, аудармалар берілмейді. Байқауға қатысушылар өз шешімдерін ағылшын тілінде ұсынуға тиіс.

1.4. IEO туралы ереже қатысушылар арасындағы қатынастарды реттеуге арналған.

1.5. IEO-ға білдіретін барлық наразылықтар осы Ережелер аясында болуы керек.

1.6. IEO жыл сайын, жазда немесе күзде қатысушы елдердің бірінде өтеді және осы іс-шараны қабылдаушы елдің Білім министрлігі немесе тиісті ұйымы (бұдан әрі – Қабылдаушы ұйым) ұйымдастырады. Келесі Қабылдаушы ұйым IEO Жарғысына сәйкес анықталады.

### 2. Қатысу ережелері

2.1. *Шақыру*

2.1.1. Ұйымдастыру комитеті алдыңғы ІЕО-ға қатысқан командалар мен елдерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, әлеуетті қатысушыларға шақырулар жіберу үшін жауапты.

2.1.2. Әдетте, командалар Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер болып табылатын елдердің мүдделерін білдіреді. Сондай-ақ, ІЕО Атқарушы кеңесі БҰҰ-ға мүше мемлекет болып табылмайтын елдің атынан өкілдік ететін команданың қатысуын мақұлдай алады.

2.1.3. ІЕО-ға қатысуға ниет білдірген әрбір шақырылған команда өзінің қатысуын растауға тиіс. Команда өкілі қатысуды растаумен бірге ІЕО Жарғысын және ІЕО-ның жыл сайынғы ережелерін сақтауға келісім беруге тиіс.

## 2.2. *Өтінімдер мен келісім*

2.2.1. ІЕО-ға белгілі бір жылға қатысу үшін өтінім беру, өтінім мақұлданған жағдайда, жіберуші ел команданы іріктеуді және қолдауды ұйымдастыруға (олардың жол шығыстарын жабу үшін қаражат іздеуді қоса алғанда) кепілдік беретінін білдіреді.

2.2.2. Өтінім беруші ел үдерістерді үйлестіруге жауапты адамның атын және байланыс деректерін көрсетуі керек. Егер қатысуға өтінім мақұлданса, бұл тұлға команда өкілі ретінде тағайындалады, оның байланыс деректері ІЕО веб-сайтында жарияланады. Команда өкілі жіберуші елдің және қабылдаушы елдің деректерін қорғау ережелерін сақтау үшін жауапты болады, бұл команданың барлық мүшелерінен келісімнің жеке растамасын жинауды қамтиды.

2.2.3. Қатысу үшін өтінім жыл сайынғы Регламентте көрсетілуге және ІЕО басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей берілуге тиіс.

2.2.4. Егер қатысушы ел кемінде бір жыл ІЕО-ға команда ұсынса немесе ІЕО-ның бақылаушысы болса, онда бұл қатысушы ел ІЕО-ға 3 жыл қатарынан қатысу туралы ІЕО-мен келісім жасасуға құқылы. Егер мұндай келісімге қол жеткізілсе, онда қатысушы ел өтінімдерді ұсынбастан келесі үш ІЕО-ға автоматты түрде қатысады.

2.2.5. 3 жылдық келісімнің мәтінін Атқарушы кеңес әзірлейді және бекітеді.

2.2.6. 3 жылдық келісімге өтініш бере отырып, өтініш беруші ұзақ мерзімді перспективада ІЕО-мен ынтымақтасуға міндеттенеді. Келісім ІЕО пәндері бойынша ұлттық жарыстарды ұйымдастыруға құқық береді. Өтініш беруші 3 жылға арналған ІЕО пәндері бойынша ұлттық конкурсты дамытудың жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) ұсынуға тиіс. Егер 3 жылдық келісім жасалса және серіктес ел Жол картасының тармақтарын іске асырмаса, онда ІЕО Атқарушы кеңесі келісімді біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

2.2.7. 3 жылдық келісімге өтініш берудің соңғы мерзімі-31 қазан. Атқарушы кеңес 3 жылдық келісімге барлық өтінімдерді 30 қарашадан кешіктірмей қарауға тиіс. ІЕО мен өтінім беруші ел арасында жасалған 3 жылдық келісімдер келесі ІЕО басталғанда күшіне енеді. 3 жылдық келісім жасалған кезде ел келесі ІЕО-ға қатысушы елдердің тізіміне енгізіледі.

2.2.8. ІЕО мен оның серіктес елі арасындағы 3 жылдық келісім соңғысына ұлттық іс-шараларда ІЕО логотипі мен басқа да сәйкестендіру деректерін пайдалануға мүмкіндік береді.

2.2.9. 1 желтоқсаннан бастап және өтінім берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін, егер ел келесі ІЕО-ға мүше елдердің тізіміне кірмесе, сол елдің ұйымы келесі ІЕО-ға команда жіберуге өтініш бере алады. ІЕО-ға қатысу үшін өтінімге мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда, қатысушы елдің кез келген заңды тұлғасы бастамашылық жасай алады. Атқарушы кеңес барлық өтінімдерді өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін үш апта ішінде қарауға тиіс. Атқарушы кеңес жыл сайынғы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінімдерді ғана қарайды. Атқарушы кеңес бір елден бір ғана өтінімді мақұлдайды.

2.2.10. Атқарушы кеңес 3 жылдық келісімдер мен қатысу өтінімдеріне қатысты шешімдерді өзі әзірлеген басшылық қағидаттар негізінде қабылдайды.

### 2.3. *Делегациялар*

2.3.1. Қатысушы командалардың міндеттері қатысу жарналарын төлеу, ІЕО Жарғысы мен ІЕО жұмысын реттейтін басқа құжаттардың талаптарын сақтау болып табылады.

2.3.2. Команда кемінде бес қатысушыдан және команданың бір немесе екі өкілінен тұрады. Олардың қатысу шығындары ұйымдастырушылық жарналар есебінен өтеледі.

2.3.3. Қатысушылардың жасы байқау өткізілетін жылдың 30 маусымында 20 жастан аспау керек және олар орта мектеп оқушылары немесе орта білім туралы дипломдары болуы керек.

2.3.4. Команда өкілдеріне ІЕО кезінде қатысушылардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік жүктеледі. Команда өкілдері ағылшын тілін жақсы меңгерген және ІЕО мәселелерінде құзыретті болуға тиіс. Егер командада бір өкілден көп болса, олардың біреуі А тобының өкіл болып тағайындалады, бұл оның делегациядағы басты тұлға екенін және Басқарманың халықаралық отырыстарында дауыс беру құқығына ие екенін білдіреді.

2.3.5. Командаға қатысушылар ашық конкурстар арқылы іріктеледі. Қатысушылар өз командасы ұсынатын елдің азаматтары немесе тұрғындары болуы керек.

2.3.6. Қатысушылардың, команда өкілдерінің, байқаушылардың есімдері және олар туралы басқа да мәліметтер (туған күндері, білімі, тілдерді білуі) команданың өтінімі бекітілгеннен кейін берілуге тиіс. Ұйымдастыру комитеті деректерді жинауға жауап береді. Бекітілген командалардың барлық қатысушыларының деректерін жіберудің соңғы мерзімі ІЕО-ның жыл сайынғы Регламентінде көрсетіледі.

2.3.7. Барлық қатысушылар, команда өкілдері, байқаушылар мен келушілер олардың жеке деректерін Ұйымдастыру комитетінің өңдеуіне және 5 жыл бойы

сақталуына өз келісімін береді. Егер қатысушы 18 жасқа толмаған болса, ол ата-анасының (заңды қамқоршысының) келісімін растайтын құжат ұсынуға міндетті.

2.3.8. Кез келген адам бақылаушы немесе келуші ретінде ІЕО-ға бару үшін өтініш бере алады. Қатысу үшін ақы алынуы мүмкін. Жыл сайынғы реттеу белгілі бір елден келген бақылаушылар мен келушілердің санын шектеуі мүмкін. Ұйымдастыру комитеті өтінімдерді қарайды және бекітілген байқаушылар мен келушілерге шақыру жібереді.

2.3.9. Бақылаушы – бұл топ өкілдеріне көмек көрсететін немесе ІЕО-ға қосылу немесе келесі жылдары ІЕО-ны өткізу үдерістерін үйлестіретін адам. Бақылаушылардың топ өкілдері сияқты құқықтары бар, тек олар Басқарманың халықаралық отырыстарында дауыс бере алмайды және модерацияға қатыса алмайды (олар модерация бөлмесінде белсенді қатысусыз бола алады).

### **3. Олимпиада кезеңдері және марапаттау**

#### *3.1. Есептер*

3.1.1. ІЕО-ның проблемалық жағдайларды шешу жөніндегі комитеті есептерді құрастыру кезінде бүкіл әлемде экономика мен оған ұқсас пәндерді оқыту әр түрлі болатындығын ескеруге және тең бәсекелестікті сақтауға тиіс. Тапсырмалар теориялық білімді тексеруге бағытталмаған. Тапсырмалардың едәуір бөлігі практикалық және аналитикалық қабілеттер мен қызығушылықтарды тексеруге бағытталған. Проблемалық жағдайларды шешу жөніндегі комитет жыл сайын жаңа тапсырмаларды құрастырады.

3.1.2. Олимпиада үш бөлікке бөлінген: экономика, қаржылық сауаттылық және бизнес. Барлық тапсырмалардың тақырыптары ІЕО-ның оқу жоспарына сәйкес келеді.

3.1.3. Экономика бойынша тапсырмалар тест тапсырмаларынан немесе күрделі есептерден тұрады, бірақ екеуін де қамтуы мүмкін. Тест тапсырмаларында қатысушылар олардың пікірінше дұрыс жауаптарды таңдайды. Есептерді шығару кезінде қатысушылар жауаптармен бірге есептердің толық шешімін ұсынуы керек, қазылар алқасы шешімдердің сапасын бағалайды.

3.1.4. Қаржылық сауаттылық бойынша тапсырмалар тест тапсырмаларынан немесе күрделі есептерден тұрады, бірақ екеуін де қамтуы мүмкін. Олимпиаданың бұл бөлігі сонымен қатар қатысушылар арнайы бағдарламалық жасақтама немесе қалта калькуляторы арқылы шешетін есептеу тапсырмаларын қамтуы мүмкін.

3.1.5. Экономика және қаржылық сауаттылық бойынша олимпиада жеке болып табылады. ІЕО-ның лауазымдық тұлғаларынан басқа кез-келген адаммен сөйлесуге тыйым салынады.

3.1.6. Бизнес пәні бойынша олимпиада командалық болып табылады және жазбаша, электронды немесе ауызша тапсырмаларды қамтиды. Ұйымдастыру комитеті ІЕО-ға дайындалу үшін кейбір ақпарат бере алады. Бұл ақпарат қатысушыларға жеткізетін командалардың өкілдеріне жіберіледі.

3.1.7. ІЕО-ның барлық тапсырмалары олимпиада аяқталғаннан кейін ІЕО веб-сайтында жарияланады.

3.2. Олимпиада ережелерін бұзуға қатысты барлық жағдайларды қазылар алқасының төрағасына хабарлау керек. Егер тексеріс құқық бұзушылықтың орын алғанын көрсетсе, қазылар алқасы санкциялар қолдану туралы шешім қабылдайды. Бұл жеке мүшені немесе бүкіл команданы ІЕО-дан немесе оның бір сатысынан шеттету болуы мүмкін. Қазылар алқасының санкцияларға қатысты шешімдері соңғы болып табылады және шағымдануға жатпайды.

### *3.3. Бағалау және модерация*

3.3.1. Қазылар алқасы әр тапсырманы бағалайды. Қазылар алқасы әділ және ашық бағалауды қамтамасыз ету үшін барлық іс-шараны қолданылады. Әр жұмысты қазылар алқасының бірнеше мүшелері бағалайды.

3.3.2. Бағалау процесі аяқталғаннан кейін қазылар алқасы топ өкілдеріне тиісті командалардан қатысушылар алған бағаларды, сондай-ақ модерацияға дайындалу үшін олардың жұмыстарының баспа немесе сканерленген көшірмелерін ұсынады.

3.3.3. Модерация – бұл қатысушылардың белгілі бір кезеңде жинаған бағаларын команда өкілдері (әр командадан бір өкіл) мен қазылар алқасының мүшелері арасындағы талқылау болып табылады. Ерекше жағдайларда қатысушылардың бірі команда өкілінің орнына команда өкілі бола алады. Модерация кесте бойынша қатаң түрде жүзеге асырылады, онда әр команданың қазылар алқасы анықтаған уақыты шектеулі. Осы уақыт өткеннен кейін қазылар алқасы бекіткен қатысушылардың бағалары соңғы болып саналады.

### *3.4. Марапаттау*

3.4.1. Жүлделердің үш түрі бар: медальдар, мүсіншелер және арнайы сыйлықтар (сертификаттар).

3.4.2. Алтын, күміс және қола медальдарды Халықаралық кеңес жеке сынақтағы қазылар алқасының ұсынымдары негізінде қорытынды отырыста береді. Медальдардың жалпы саны қатысушылардың жалпы санының жартысынан аспауға тиіс.

3.4.3. Командалық нәтижелер үшін алтын, күміс және қола мүсіншелер олимпиаданың барлық үш кезеңінің қорытындысы бойынша беріледі. Халықаралық кеңес, егер бұл шешімді қорытынды отырыста Халықаралық кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі мақұлдаған болса, бір алтын мүсіншені, бір күміс мүсіншені және бір қола мүсіншені береді.

3.4.4. Қазылар алқасы арнайы жүлделерді (сертификаттарды) олимпиаданың бір кезеңінде үздік нәтижеге қол жеткізгені үшін, сондай-ақ белгілі бір есептің тамаша шешу жолдарын тапқаны үшін немесе қазылар алқасы марапаттауға лайықты деп санайтын басқа жетістіктер үшін беріледі.

3.4.5. ІЕО-ға әрбір қатысушы сертификатқа ие болады. Сертификатта қатысушы мен оның командасы алған барлық марапаттар көрсетіледі.

3.4.6. Команданың өкілі ІЕО-ға қатысқаны туралы сертификат алады. Сертификатта оның командасы алған барлық марапаттар көрсетіледі.

3.4.7. Ұйымдастыру комитеті медальдар мен мүсіншелердің жеткілікті санын қамтамасыз ету, сондай-ақ сертификаттарды басып шығару үшін жауапты. Барлық медальдар, мүсіншелер мен сертификаттарда ІЕО-ның ресми логотипі және осы іс-шара туралы ақпарат бар. Сонымен қатар, Ұйымдастыру комитеті қатысушыларға, команда өкілдеріне, бақылаушыларға, келушілерге, қонақтарға және ІЕО қызметкерлеріне материалдық немесе материалдық емес сыйлықтар ұсына алады.

#### **4. Ұйымдастыру мен өткізу тәртібі**

4.1. Халықаралық кеңес ІЕО-ны қабылдайтын келесі елді анықтайды.

4.2. Қатысушы елдерден талаптарға сәйкес келетін кез келген ұйым қабылдаушы ұйым болуға өз бетінше ниет білдіре алады. ІЕО ұйымдастыруға өтініш беру үшін өтініш беруші хатшыға олимпиады өткізу күндері, өткізілетін орындар, қатысушы органдар (үкіметтік және үкіметтік емес), қаржылық жауапты мекемелер (кепілдік хаттармен) және қатысу жарнасының шамамен алынған сомасы туралы толық ақпарат беруі керек.

4.3. Талқылаудан кейін Халықаралық кеңес келесі бір немесе бірнеше жылға әлеуетті қабылдаушы ұйымдарды белгілейді.

4.4. Қабылдаушы ұйым бекітілгеннен кейін бір ай ішінде болашақ Ұйымдастыру комитетінің басшысын тағайындайды.

4.5. ІЕО өткізудің нақты күндерін Ұйымдастыру комитеті айқындауға және Атқарушы кеңес бұл мерзімді ІЕО алдындағы жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей бекітуге тиіс.

4.6. Ұйымдастыру комитеті Атқарушы кеңес ұсынған кестеге сәйкес дайындықтың ағымдағы жағдайы туралы мәліметтерді Атқарушы кеңеске жолдайды.

#### **5. Қорытынды ережелер**

5.1. Кез келген тұлға ІЕО Жарғысына өзгерістер енгізу туралы ұсынысты ІЕО басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей хатшының міндетін атқарушыға жазбаша нысанда ұсынуға құқылы.